

QAZAQSTAN RESPÝBLIKASYNYŇ BILIM JÁNE ҒYLYM MINISTRLOGI
Ó. SULTANĠAZIN ATYNDAGY
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGIKALYQ ÝNIVERSITETI



**«Sultangazin oqylary» I-shi Halyqaralyq
ǵylymi-praktikalyq konferensiasynyŇ
MATERIALDARY**

17-18 мамыр 2019

**МАТЕРИАЛЫ
I-ой Международной научно-практической
конференции «Султангазинские чтения»**

17-18 мая 2019

**MATERIALS
of the Ist International scientific and practical
conference «Sultangazin readings»**

May 17-18, 2019

Qostanai, 2019

ӘОЖ 378 (094)
КБЖ 74.58
С 89

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Бас редактор

Әбіл Еркін Аманжолұлы
тарих ғылымдарының докторы, профессор

Бас редактордың орынбасарлары:

Медетов Нурлан Амирович
физика-математика ғылымдарының докторы
Ташетов Аманжол Аскарович
PhD докторы

Редакциялық алқа мүшелері:

Утегенова Бибикуль Мазановна
педагогикалық ғылымдар кандидаты, доцент
Евдокимова Ольга Николаевна
педагогикалық ғылымдар кандидаты
Балгабаева Гаухар Зкрияновна
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
Жумабаев Канат Аканович
кандидат экономических наук
Бобренко Марина Александровна
Сатбаева Муснай Тулегеновна
Жиенбаева Аида Аманжолқызы

С 89 «Сұлтанғазин оқулары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. = Материалы международной научно-практической конференции «Султангазинские чтения». = Materials of the international scientific and practical conference on «Sultangazin readings». – Қостанай, 2019.

ISBN 978-601-7934-72-9

«Сұлтанғазин оқулары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары жинағында білім беру жүйесін дамыту мен кадрларды даярлаудың ғылыми әлеуетін арттыру, қоғамды дамытудың маңызды мәселелері және «Мәңгілік Ел» бағдарламасының негізгі принциптерін жүзеге асыру жайында зерттеулер жарық көрді.

В материалах международной научно-практической конференции «Султангазинские чтения» опубликованы исследования актуальных вопросов развития системы образования и научного потенциала подготовки кадров, общества и реализации основных принципов программы «Мәңгілік ел».

The materials of the international scientific-practical conference «Sultangazin Readings» are devoted to studies of topical issues of the development of the education system and the scientific potential of personnel training, society and the implementation of the basic principles of the program «Мәңгілік ел»

ӘОЖ 378 (094)
КБЖ 74.58

Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің
Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылған

Жинақта ұсынылған мақалалардың мазмұны үшін жеке автор(лар) жауапты

ISBN 978-601-7934-72-9

© Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай
мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

**«НИТКОГРАФИЯ», «ТҮЗБЕН СУРЕТ САЛУ» АТТЫ ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС
СУРЕТ САЛУ ТЕХНИКАЛАРЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ КІШІ МЕКТЕП
ЖАСЫНДАҒЫ ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРДЫҢ
ГРАФО-МОТОРЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУЫ**

The development of graph-motor skills of primary school-age children with delay of mental development using non-traditional painting techniques «netnography», «drawing of salt»

Г.А. Алипбаева¹, Д.Х. Маннапова²
G.A. Alipbayeva¹, D.Kh. Mannarova²

¹²Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті,
Қостанай, Қазақстан, gulzhanalipbaeva@mail.ru, mannarova98@inbox.ru

Аннотация

Дәстүрлі емес сурет салу техникаларын пайдалану барысында балалардың сабаққа деген қызығушылықтары артады, олардың интеллектуалдық және физикалық қабілеттері дамиды. Саусақпен, алақанмен, жұдырықпен, қылқаламмен, әр түрлі қалыңдықтағы жіптермен, тұз және пва клеймен сурет салу барысында баланың саусақтарының ұшы дамиды, қол саусақтарының ұсақ бұлшықеті қалыптасады, сонымен қатар, көру – қимыл үйлесімі дамып, оның барлығы баланың жазу дағдысын қалыптастырады. Дәстүрлі емес сурет салу техникаларының барлық түрлері психикалық дамуы тежелген балалардың графо-моторлық дағдыларын дамытады.

Abstract

When using non-traditional drawing techniques, children's interest in the classroom increases, their intellectual and physical abilities develop. When drawing with finger, palms, fists, brushes, different thickness threads, salt and pwa glue, the tip of the baby's fingers develops, small fingers of the fingers are formed, and visual stimulation develops and all of them form the child's writing skills. All types of non-traditional drawing techniques develop graphic-motor skills for children with mental retardation.

Кілт сөздер: дәстүрлі емес сурет салу техникалары, ниткография, тұзбен сурет салу, кіші мектеп жасындағы балалар, графо-моторлық дағдылар, қылқалам, психикалық дамуы тежелген.

Key words: traditional painting techniques, nitscography, salt drawing, children of junior school age, graphic and motor skills, brush, and mental retardation are slowed down.

Е.А. Логинова, И.Ф. Марковская сияқты зерттеушілердің айтуынша, психикалық дамуы тежелген (ПДТ) балалардың графикалық дағдыларының бұзылуының себептері әртүрлі болып келеді. Ондай бұзылыстардың себептеріне: көру қабылдағыштығының және жадының, кеңістіктік көріністерінің, анализаторлық өзара әрекеттесулерінің, қол моторикаларының жеткіліксіз түрде дамуы жатады. Осы функцияларының әрқайсысының жеткіліксіз түрде дамуы олардың жазу дағдыларының бұзылысына әкеліп соқтырады. Сол себепті, ондай бұзылыстарды түзету мақсатында дәстүрлі емес сурет салу техникаларын қолдану аса тиімді болып саналады [1].

Баланың алғашқы нәтижелі қызметі оның бейнелеу әрекеті болып табылады. ПДТ балаларда сурет салу барысында келесі мәселелер туындайды: қолдарының қимыл-қозғалыстары баяу, сурет салуға деген икемсіздік, ыңғайсыздық, көбінесе жетекші қолдарының сурет салуға деген әлсіздігі байқалады.

В.А. Сухомлинский айтқандай: «Балалардың мүмкіндігі мен дарындылығының бастамалары саусақтарының ұшында. Бейнелеп айтқанда, саусақтарынан, шығармашылық ойын

коректендіретін өте жіңішке жылғалар сынды жіптер тарайды. Баланың қолында неғұрлым шеберлік көп болса, соғұрлым ол ақылды болады» [2].

Педагогтардың пайымдауы бойынша, барлық балалар дарынды. Тіпті, ПДТ балалардың өздері де дәстүрлі емес сурет салу техникаларын, әсіресе ниткография, тұз және пва клеймен сурет салу арқылы тамаша туындыларды шығара алады. Сондықтан дарынын уақытында байқап, сезіп, тәжірибесінде, нақты өмірінде қолдануға мүмкіндік туғызу қажет. Сурет салу дағдыларын меңгерту мақсатында дәстүрлі емес сурет салу техникаларын пайдалану ПДТ балаларға қызығушылықтарын, еркіндіктерін, өздеріне деген сенімділіктерін тудырады. Сондықтан, бала ерікті түрде қызығушылық танытып, сурет салу үшін дәстүрлі емес сурет салу техникаларын пайдаланған жөн деп білемін. Себебі, дәстүрлі емес сурет салудың құралдары қызықты, әрі сурет салу жолы оңай. Сонымен қатар, оқу іс-әрекеті кезінде уақыт тиімділігімен ерекшеленеді.

Дәстүрлі емес сурет салу техникалары балалардың бейнелеу өнеріне деген мотивациялық қозғаушы күші болып табылады. Сонымен қатар, ПДТ балалардың суретті соңына дейін «Сала аламын ба?» деген қорқыныштары кетеді. Дәстүрлі емес сурет салу техникаларын пайдаланған кезде, олардың көру қабілеттері және саусақ моторикалары өте жақсы дамиды.

Дәстүрлі емес сурет салу техникаларының түрлері:

- Ниткография;
- Кляксография;
- Пуантилизм;
- Умаждалған қағазда сурет салу;
- Монотипия;
- Акватипия;
- Тұзбен сурет салу;
- Саусақпен сурет салу;
- Оң жақ жарты шармен сурет салу;
- Манкамен сурет салу;
- «Тағам ретіндегі мен»;
- «Метафоралық авторпортрет»;
- Шимайлау техникасы арқылы қиын жағдаяттан шығу, т.б.

Жоғарыда аталған техникалардың барлығы да ПДТ балалармен жұмыс жасау барысында өте тиімді болып келеді [3].

Физиологтардың пайымдауынша, саусақтың ұштарын артикуляциялық аппарат ретінде қарастырудың барлық жағынан негіздері бар. Осы тұрғыдан қолдардың проекциясын мидың сөйлеу аймағы деп те айта аламыз. Саусақтар неғұрлым шебер және шапшаң болса, сөйлеу де соғұрлым жақсы қалыптасады.

«Ниткография» (жіппен жазамын немесе жіппен сурет саламын) тарихы Мексиканың орталық және батыс бөлігінде тұратын Уичоли халқына тиесілі болып табылады.

«Жіптермен сурет салу» немесе «ниткография» – дәстүрлі емес сурет салу техникасының ішіндегі ең қызықты түрі. Бұл техниканың көмегімен кіші мектеп жасындағы ПДТ балалардың графо-моторлық дағдыларын дамытуда кеңінен пайдалануға болады. «Ниткография» техникасына керекті құралдар: А4 форматындағы қағаз, қылқалам, жіп, гуашь.

«Ниткография» техникасы кіші мектеп жасындағы ПДТ балалардың келесі дағдыларын қалыптастырып, дамытады:

- Көру қабылдағыштығын жетілдіреді;
- Көру-моторлық координациясын дамытады;
- Қозғалыстың бірқалыпты, ырғақты және дәлдігін қалыптастырады;
- Жазу дағдысын қалыптастырып, дамытады;
- ПДТ балаларда орын алатын күйзелісті түсіруге көмектеседі;
- Балалардағы өзіндік бағалауды жоғары дәрежеге көтереді [4].

«Ниткография» – графикалық техниканың әртүрлілігі. Бұл техникада, қағазды тең екі бөлік пайда болатындай етіп бүктейміз. Жіпті көрсеткіш саусағымызға кішкене бөлігін орап аламыз, қалған бөлігін гуашьқа қылқаламның ағашты жағының көмегімен батырамыз. Гуашьпен боялған жіпті өзіміздің қиялымызға қарап қағаздың бір бөлігіне әр түрлі қимылдарды жасап қойып шығамыз. Қағаздың екінші бөлігін жіп қойылған бөліктің үстіне қарай жабамыз. Оң немесе сол қолымызды қағаздың үстіне қойып, кішкене боялмаған жіпті оңға, солға немесе парақты айналдырып тартамыз. Бүктелген парақты ашқан кезде, таңғажайып бейненің куәсі боласыз. Егерде сіз, суретті дәл осылай қалдырғыңыз келсе, әрі қарай жалғастырмауыңызға болады. Ал, егерде бұл бейнеден жалпы бір көріністі шығарғыңыз келсе, әрі қарай жалғастыруы әбден мүмкін. Бұл жерде сіз бір түс қана емес, бірнеше түсті қолданаңыз болады. Шыққан бейнені фоторамкаға салып, бөлмені сәндеу үшін де пайдалануға болады [5].

«Ниткография» техникасын кіші мектеп жасындағы ПДТ баламен жеке түрде жүргізген тиімдірек. Өйткені, бұл техниканы аяқтап болған соң, баламен сұрақ-жауап жүргізгенде, ол ашылып, өз ойын нақты айта алады. Бала бұл техниканың соңында қандай бейне немесе көрініс шыққанын да айтса, демек, бала дамуының ауытқушылығында алға жылжу, яғни өзгеріс бар деген сөз.




Сурет 1 – Жіптермен салынған сурет

«Тұзбен сурет салу» – дәстүрлі емес сурет салу техникаларының арасындағы адамға жақсы көңіл-күй сыйлайтын техникалардың бірі болып табылады. Ас тұзы – дәстүрлі емес сурет салу техникасындағы қолданылатын ең жақсы құралдардың қатарына жатады. Тұзбен сурет салу таңғажайып тәжірибе жасаумен бірдей. Бұл техника ерекше заттарды жасауды ұнататын балалар үшін, әсіресе ПДТ балалар үшін таптырмас болып саналады. Ең бастысы – бұл техниканың соңғы нәтижесі емес, керісінше, басталу үдерісінің өзі. Бұл техника үшін керекті құрал-жабдықтар: тұз, қатты қағаз (ақ түсті немесе түрлі-түсті), акварель, қылқалам немесе пипетка, ПВА клей, сұр графиті бар қарындаш, қағаздың астына арнайы поднос.

Бұл техникада бірінші болып, сұр қарындашпен кез келген бейнені салып аламыз. Кейін ПВА клеймен үстінен жүргіземіз. ПВА клейді көбірек жағамыз, өйткені тұзды сепкен кезімізде тұз клейге жабысуы керек. Содан соң, тұзымызды Пва клейінің үстінен себеміз, аз ғана уақыт күтеміз, келесі болып қағазымызды абайлап қана көтеріп, шайқаймыз. Артық тұзды подносқа төгеміз. Енді суретті бояуға кірісуге болады. Қылқаламды суға батырып аламыз, акварель бояуына қылқаламды саламыз. Бейнемізді жандандыру үшін тұздың үстіне акварель бояуы батырылған қылқаламның ұшын тигіземіз. Қиялымызға қарап әр түрлі түстермен бояп аламыз. Суретті толық бояп болған соң, оны кептіріп қоямыз (сурет 2). Сурет кеуіп болғаннан кейін, оны алып фоторамкаға салып қоюға болады [6].

Кіші мектеп жасындағы психикалық дамуы тежелген балалар үшін бұл техниканың маңызы өте зор. Олардың графо-моторлық дағдыларымен қоса, ұсақ моторикалары да дамиды. Өзіндік бағалауларын арттырады, өйткені дәстүрлі емес сурет салу техникаларының барлық түрі балаларға осындай мүмкіндіктерді береді. Шығармашылыққа деген сүйіспеншіліктері арта түседі.



Сурет 2 – Тұзбен салынған сурет

Қорыта айтқанда, көркемдік-шығармашылық әрекеті, бейнелеу өнерінің дәстүрлі емес сурет салу техникалары баланың көптеген қасиеттерінің ашылуы мен дамуына септігін тигізеді. Дәл осы қасиеттер бүлдіршіннің болашақ өмірдегі жетістік формуласының негізі болып табылады.

Осылайша, кіші мектеп жасындағы ПДТ балалар көптеген дәстүрлі емес техникаларды меңгереді. Олар осы сурет салу техникаларының көмегімен дербес, өзіне сенімді тұлғаға айналады. Балалар дәстүрлі емес сурет салу техникаларында түрлі материалдармен жұмыс жасайды, суреттер үшін өз сюжеттерін ойлап табады, бір суретті бейнелеу кезінде түрлі дәстүрлі және дәстүрлі емес техникаларды қолданады. Осылайша, бейненің дәстүрлі емес техникаларын пайдалану жалпы айтқанда психикалық дамуы тежелген балалар мен жасөспірімдердің танымдық іс-әрекетін, қиялын, шығармашылығын, дербестігін, бастамаларын дамытуға, даралығын көрсетуге, психикалық үдерістерді түзетуге және тұлғалық саласын түзетуге мүмкіндік береді [7].

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1.Добровинский Е.М. Человек без почерка // Деловой Петербург. – 2007. – №235.
2. Мастюкова Е.М. Ребенок с отклонениями в развитии. – М.: Просвещение, 2002.
3. Дәстүрлі емес сурет салу техникасы [Электрондық ресурс]. Қолдану режимі: <https://infourok.ru/dstrli-emes-suret-salu-tehnikasi-bayandama-2548720.html>.
4. Бернхем С. 100 оригинальных поделок. – М.: Мир книги, 2006.
5. Ткаченко Т., Стародуб Н. Сказочный мир поделок. – М.: Феникс, 2005.
6. Необычные способы рисования с детьми [Электрондық ресурс]. Қолдану режимі: <https://iharpumama.ru/neobychnye-sposoby-risovaniya-s-detmi/>.
7. Бейнелеу өнерінде қолданылатын дәстүрлі емес техникалар [Электрондық ресурс]. Қолдану режимі: <https://infourok.ru/beyneleu-nerinde-oldanilatin-dstrli-emes-tehnikalar-460329.html>.

3 СЕКЦИЯ

**ҚОҒАМНЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ «МӘҢГІЛІК ЕЛ»
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ
РАЗВИТИЕ ОБЩЕСТВА И РЕАЛИЗАЦИЯ ОСНОВНЫХ ПРИНЦИПОВ
ПРОГРАММЫ «МӘҢГІЛІК ЕЛ»
SOCIETY DEVELOPMENT AND IMPLEMENTATION
OF THE BASIC PRINCIPLES OF «МӘҢГІЛІК ЕЛ» PROGRAM**

<i>Агдавлетова А.Ш.</i> Қоғамның дамуы және «Мәңгілік ел» бағдарламасының негізгі принциптерін жүзеге асыру	248
<i>Ақанбаев Б.Н., Шамитдинов А.М.</i> Қазіргі қазақ жастарының «жақсылық» этикасы.....	250
<i>Алипбаева Г.А., Маннапова Д.Х.</i> «Ниткография», «Тұзбен сурет салу» атты дәстүрлі емес сурет салу техникаларын қолдану арқылы кіші мектеп жасындағы психикалық дамуы тежелген балалардың графо – моторлық дағдыларын дамыту	256
<i>Амантаева А.Б.</i> Духовное единство народа – гарант стабильности Казахстанского общества.....	260
<i>Баубекова Г.К., Омарова К.И.</i> Анализ миграционных процессов Северного Казахстана за 2012-2017 годы.....	265
<i>Бекмаганбетова Г.К.</i> Взаимодействия семьи и школы по формированию у младших школьников семейных ценностей как реализация одного из направлений программы «Рухани жаңғыру»	269
<i>Болгарина Б.К.</i> Актуальные вопросы обеспечения молодежной среды как территория без терроризма согласно программе «Мәңгілік ел»	273
<i>Каппасова Ш.Е., Бурabay А.Қ.</i> Латын әліпбиі – рухани тәуелсіздікке жасалған жарқын кадам!	277
<i>Кусаинов Г.Б.</i> Национальные приоритеты в контексте духовной модернизации	281
<i>Лантух Я.С., Иванова Е.Н.</i> Роль учителя начальных классов по внедрению ценностей идеи «Мәңгілік ел» в учебно-воспитательный процесс.....	285
<i>Печёркина М.В., Крамок З.С., Бексултанов Д.Т., Альшанова Б.Х.</i> Культурно-философская экспликация сверхчеловеческого образа в контексте гуманизма и общественном дискурсе	288
<i>Насрединова А.Е., Ерназарова А.С.</i> Тәуелсіз елдің жас ұрпағын – патриоттыққа тәрбиелеу	292
<i>Назмутдинов Р.А., Ильина Д.В.</i> Ценностная сфера личности как основа для возрождения духа нации	294
<i>Салмагамбетова С.С.</i> Развитие познавательных способностей, обучающихся с особыми образовательными потребностями средствами английского языка	299
<i>Сатыбалдина Р.А.</i> Национальная идеология независимого Казахстана «Мәңгілік ел»	303
<i>Исмаилов С.С., Бисембаева А.К.</i> Основные направления развития науки в соответствии с программными статьями Президента Казахстана Н.А. Назарбаева	307
<i>Телебаев Г.Т.</i> Ценности идеи «Мәңгілік ел» в образовательном процессе.....	310
<i>Шаукенов Ж.А.</i> Ұлтаралық келісім доктринасы және «Мәңгілік ел» идеясы	316
<i>Шумейко Т.С.</i> Духовно-нравственные аспекты технологического образования	321
<i>Абильмаликов К.К.</i> Взаимоотношения Азербайджана и Франции в области энергетических ресурсов.....	326
<i>Каирова Б.К., Касымов Н.А.</i> Рухани жаңғыру өзін-өзі танудан бастау алады	331
<i>Усембаева А.Х.</i> Компетентностный подход в системе послевузовского образования	335